

**Жаңартылатын энергия көздерін
қолдау жөніндегі қаржы-есеп
айырысу орталығы**

"ЖЭК жөніндегі ҚЕАО" ЖШС
Бақылау кеңесінің
2022 жылғы 02 қарашадағы
шешіміне (№4 хаттама)
7-қосымша

"ЖЭК жөніндегі ҚЕАО" ЖШС
Бақылау кеңесінің
2022 жылғы 02 қарашадағы
шешімімен (№4 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

**"ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ ҚЕАО" ЖШС-ДЕ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ
ЖӘНЕ ІШКІ ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

Астана қ-сы, 2022 жыл

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 2-беті

1. Қолдану мәні мен саласы

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы" ЖШС (бұдан әрі - Серіктестік) "ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесін (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2021 жылғы 07 сәуірдегі бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, Жарғымен және Серіктестіктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Ережелер Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық тәуекелі) күнделікті қызмет шеңберінде де, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде де туындауы мүмкін Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, анықтауға, бақылауға және төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағытталған алдын алудың маңыздылығын айқындайды:

- 1) үшінші тұлғаларды тарту және контрагенттерге (клиенттерге) және өзге де үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) сыйлықтар алу және Өкілдік шығындар;
- 3) персоналды басқару.

3. Ережелер Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаты болып табылады, оның негізгі мақсаты Серіктестік қызметінде, оның ішінде үшінші тұлғалармен құқықтық қатынастарды айқындайтын мәмілелерде, шарттарда, келісімдерде, келісімшарттарда және өзге де құжаттарда, сондай-ақ үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау және Серіктестік персоналын басқару жөніндегі бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болғызбау болып табылады.

4. Ережелердің күші мыналарға қолданылады:

1) атқаратын лауазымының деңгейіне және атқаратын функцияларына қарамастан Серіктестіктің барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы қызметтер көрсетуге шарт бойынша тартылған қызметкерлердің.

2) Серіктестіктің барлық шарттық қатынастары;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 3-беті

3) Серіктестіктің барлық бизнес-процестері, оның ішінде персоналды басқару.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі болашақтағы әлеуетті оқиғаны (немесе мән-жайлардың жиынтығын) білдіреді, ол іске асырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және «ЖЭК жөніндегі КЕАО» ЖШС-дегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың талаптарын бұзуы, сондай-ақ аталған тәуекелдің туындауына ықпал етуі мүмкін.

6. Ережелер Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің танысуы және қолдануы үшін міндетті болып табылады. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Серіктестік қызметкерлері Ережелерді басшылыққа алуға тиіс.

7. Ережелерде қолданылатын, бірақ ашылмаған ұйғарымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Серіктестіктің өзге де ішкі нормативтік құжаттарында пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару процесінің негізгі ережелері:

1) тұтастық - Серіктестіктің барлық актілерінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекел элементтерін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде қарау;

2) ашықтық - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарауға, сондай-ақ осы ережені Серіктестіктің барлық шарттық актілерінде таратуға тыйым салу;

3) ақпараттандыру - Серіктестіктің шарттық актілерінде объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелдеу;

4) үздіксіздік - Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға арналған мониторинг процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2. Тәуекелдерді анықтау

9. Серіктестік Серіктестіктің қызметіндегі, оның ішінде мәмілелердегі, шарттардағы, келісімдердегі және келісімшарттардағы, сондай-ақ Серіктестік қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да актілердегі әлеуетті оқиғаларды тұрақты негізде сәйкестендіреді және олардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайларын білдіретінін айқындайды.

Оқиғаларды анықтау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, алғышарттар мен мүмкіндіктерді тудыруы мүмкін әртүрлі ішкі және сыртқы факторлар қарастырылады.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 4-беті

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру - бұл Серіктестіктің "ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты іске асыруға және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзуға теріс әсер етуі мүмкін оқиғалардың әсеріне ұшырауын айқындау.

Серіктестіктің мәмілелерінде, шарттарында, келісімдерінде және келісімшарттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру рәсімінің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке бас пайдасын алу мақсатында, сондай-ақ Серіктестіктің пайдасын алу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Серіктестіктің қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау және оларды Серіктестіктің Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тізіліміне енгізу болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бар тәуекелдерге нақты объективті көзқарастың болуы "ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты іске асыруға жәрдемдесетін тәуекелдерді тиімді басқарудың негіздерінің бірі болып табылады.

12. Серіктестіктің әрбір қызметкері Серіктестіктің бизнес-процестеріндегі, оның ішінде персоналды басқару жөніндегі, мәмілелер, шарттар, келісімдер мен келісімшарттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты негізде сәйкестендіреді және бағалайды.

3. Тәуекелдерді басқару

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Серіктестік ден қою әдістерін айқындайды және оларды неғұрлым сыни тәуекелден аз сыни тәуекелге дейін жояды.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару Серіктестіктің лауазымды адамдарының/қызметкерлерінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің (клиенттерінің) теріс әсерін және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

15. Мәмілелер мен шарттық қатынастарды қалыптастыруға, жасасуға, қол қоюға және орындауға қатысы бар Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері/ қызметкерлері Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметімен (комплаенс - офицермен) бірлесіп Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруге және анықтауға бағытталған мониторингті және басқа да іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп орталығы	"ЖЭК жөніндегі ҚЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 5-беті

16. Нормативтік құқықтық актілерге тиісті өзгерістер енгізілгеннен кейін Серіктестіктің барлық шарттарында, келісімдерінде, келісімшарттарында және басқа да мәмілелер актілерінде Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе) туралы хабардар ету нормасы болуға, сондай-ақ барлық контрагенттер (клиенттер) және Серіктестікпен шарттық қатынастары бар басқа да адамдар тарапынан тиісті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті талап етуге тиіс.

Осы талапты орындамау Серіктестік тарапынан қандай да бір міндеттемелерді өтемей, шартты біржақты тәртіппен бұзу үшін негіз бола алады.

17. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінен кету және/немесе болдырмау шарттық актілерде көрсетілген және ықтимал теріс салдарға әкеп соғатын операцияларды барынша азайтуға, бақылауға және оларды жүзеге асыруды тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған әрекеттерді қамтиды.

18. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және бақылау келесі шараларға бағытталғанын білдіреді:

1) ескерту - Серіктестіктің мәмілелерін, шарттарын, келісімдері мен келісімшарттарын жасасу кезінде белгілі бір тәуекелдің туындау ықтималдығын азайту;

2) бақылау - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқарту және/немесе осындай тәуекел анықталған, сәйкестендірілген және басталған жағдайда толық жою;

3) әртараптандыру - сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жою мүмкін болмаған жағдайларда, оның әлеуетті ықпалын төмендету мақсатында Серіктестіктің бірнеше лауазымды тұлғалары/ қызметкерлері арасында тәуекелді бөлу.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі

19. Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары Серіктестіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін негіз болып табылады.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімді Серіктестіктің бас директоры, оның ішінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және "ЖЭК жөніндегі ҚЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарына сәйкес жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 6-беті

мониторинг нәтижелері негізінде қабылдайды.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Серіктестіктің бас директорының (бұдан әрі - Жұмыс тобы) шешімімен құрылатын Жұмыс тобымен бірлесіп Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс – офицер) жүргізеді.

Серіктестіктің бас директорының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартылады.

22. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – Бөлімше) немесе тұтастай алғанда Серіктестіктің қызметі болып табылады.

23. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы немесе тұтастай Серіктестіктің қызметі;

2) Ереженің 25-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауын жолдау;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық Бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе Жұмыс тобының дербес құрамы туралы;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметпен (комплаенс-офицермен) өзара іс-қимылда басшылық ету, үйлестіру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік жүктелетін Серіктестіктің лауазымды адамы туралы;

6) басқа ұйымдастырушылық мәселелер.

24. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің кезенділігін Серіктестік айқындайды, бірақ он сегіз айда бір реттен сиретпей.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізіледі.

25. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі 2021 жылғы 07 сәуірдегі бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) бөлімшенің немесе тұтастай Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде және ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 7-беті

2) бөлімшенің немесе тұтастай Серіктестіктің ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

26. Тұтастай алғанда бөлімшенің немесе Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады.

27. Бөлімшенің немесе жалпы Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп келеі мәселелер түсініледі:

1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) бөлімшенің немесе тұтастай Серіктестіктің ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

28. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып келесілер табылады:

1) тұтастай алғанда Бөлімшенің немесе Серіктестіктің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілер;

2) бөлімшенің немесе тұтастай Серіктестіктің қызметін қозғайтын Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары;

3) тұтастай алғанда бөлімшеге немесе Серіктестікке қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар;

5) бөлімшеге немесе Серіктестікке келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

6) прокурорлық қадағалау актілері;

7) сот актілері;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ұсынуға жол берілетін өзге де мәліметтер.

29. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша мыналарды қамтитын талдамалық анықтама дайындалады:

1) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;

2) оларды жою бойынша ұсыныстар;

3) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымды іске асыру мерзімдері.

30. Талдамалық анықтаманы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) және жұмыс тобының мүшелері, қызметі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілген бөлімше басшысы келіседі және Ереженің 23-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлға қол қояды.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 8-беті

31. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдары бар талдамалық анықтама Ереженің 23-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген лауазымды адам Талдамалық анықтамаға қол қойған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қарау және шаралар қабылдау үшін Серіктестіктің бас директорына енгізіледі.

32. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша қабылданған (қабылданатын) шаралар туралы ақпарат Байқау кеңесі мүшелерінің назарына жеткізіледі және Құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қамтамасыз етуді ескере отырып, Серіктестіктің интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

33. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау неғұрлым "осал" орындарды айқындау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қолданыстағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен олардың мөлшері бойынша ортақ пайым беруге бағытталған.

Бағалау нәтижелері бойынша Серіктестікте сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қаупі жоғары бизнес-процестердің, лауазымдар мен функциялардың тізбесі әзірленеді, бекітіледі және өзекті жағдайда сақталады.

34. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау процесі Серіктестіктің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін, Серіктестіктің лауазымды тұлғасы/қызметкері тарапынан да, оның контрагенттері мен серіктестері тарапынан да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін неғұрлым маңызды (сыни) тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына кідіріссіз шығарылуға тиіс, оларды қарау нәтижелері бойынша осы тәуекелдерді жою және бақылау туралы шешімдер қабылданады.

35. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері олардың пайда болу ықтималдығы немесе жиілігі және әсері тұрғысынан бағаланады.

Тәуекел деңгейін есептеу келесідей жүргізіледі:

Тәуекел деңгейі = ықтималдық * әсер

Тәуекелдер деңгейін есептеуді сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызмет (комплаенс-офицер) жүргізеді.

Тәуекелдерді есептеуге Серіктестіктің бөлімшелері де тартылуы мүмкін.

36. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әрбір тәуекелдің пайда болу көздері мен себептерін, оларды іске асыру кезіндегі жағымсыз салдарларды және белгілі бір оқиғаның орын алу ықтималдығын қарауды қамтиды.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 9-беті

37. Бастапқыда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау сапалы негізде жүргізіледі, содан кейін олардың ең маңыздылары үшін сандық бағалау жүргізілуі тиіс.

Сандық емес тәуекелдер, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығындар тұрғысынан орынды емес, тек сапалы негізде бағаланады.

38. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тәуекелдердің әсерін бағалаудың келесі белгілері бойынша жіктеледі (критерийлер):

1) рұқсат етілген тәуекел - бұл Серіктестік, оның қызметкерлері мен контрагенттері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупін тудырмайтын тәуекел, осы аймақ шегінде "ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты өзінің профилактикалық орындылығын сақтайды, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алады, бірақ олар шекті деңгейден аспайды.

Әсер ету дәрежесі бойынша мұндай тәуекел:

Елеусіз - тәуекел іске асырылған жағдайда Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын елеусіз бұзу орын алған кез келген теріс салдарлар болмайды, Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін әкімшілік және/немесе өзге де жауапкершілікке, айыппұлдарға, өсімпұлдарға, тұрақсыздық айыбына және Серіктестікке қатысты басқа да қаржылық бұзушылықтарға тарту үшін негіздер жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзушылықтар жоқ;

Елеулі - тәуекелді іске асырудың елеусіз салдары онда реттеушілік талаптардың шамалы бұзылуы, Серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінен айыппұлдарды өндіріп алу мүмкіндігі туралы ескертулер, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, тұрақсыздық айыбын өндіріп алу мүмкіндігі туралы ескерту алу және Серіктестікке қатысты басқа да қаржылық бұзушылықтарды анықтау бар.

2) жоғары тәуекел - іске асыру кезінде Серіктестікке сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі төнетін тәуекел, сыни тәуекел аймағы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу қаупімен сипатталады, ол шекті деңгейден көрінеу асып түседі және төтенше жағдайда Серіктестіктің лауазымды адамының/қызметкерінің қылмыстық және/ немесе әкімшілік жауаптылығына әкеп соғуы мүмкін.

Ықпал ету дәрежесі бойынша мұндай тәуекел ірі болып табылады, онда тәуекелді іске асырудың салдары елеулі, бірақ толық түзетілуі мүмкін- айыппұлдардың, өсімпұлдардың, тұрақсыздық айыбының және басқа да қаржылық бұзушылықтардың туындауына әкеп соғуы мүмкін реттеуші

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 10-беті

талаптарды бірнеше рет бұзу, Серіктестіктен айыппұлдарды өндіріп алу, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу;

3) сыни тәуекел - жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін жағдайлар туындайтын тәуекел, мұндай тәуекелдер Серіктестіктің екі және одан да көп лауазымды адамдарының/ қызметкерлерінің жүйелілігі тұрақты сипатқа ие болған және тартылған кезде шамасына жетуі мүмкін. Сондай-ақ, бұл топқа мемлекеттік активтерді ұрлауды жүзеге асыру үшін тікелей қауіппен байланысты кез келген тәуекелдер жатады.

Әсер ету дәрежесі бойынша мұндай тәуекел бөлінеді:

сыни - тәуекелді жүзеге асырудың салдары өте маңызды, бірақ белгілі бір дәрежеде түзетілуі мүмкін. Реттеушілік талаптардың елеулі бұзылуы, соның салдарынан Серіктестік айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті, Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлері әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылады, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделері бұзылады.

апатты - тәуекелді жүзеге асырудың салдары өте маңызды және оларды түзету мүмкін емес. Тәуекелдің өтелмейтін салдары бар. Реттеуші талаптардың шектен тыс бұзылуы немесе ірі айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және басқа да төлемдер, сондай-ақ берілген лицензияларды кері қайтарып алуға әкеп соққан бірнеше қаржылық бұзушылықтар (болған жағдайда). Серіктестіктің лауазымды адамдары мен қызметкерлерін бірнеше рет әкімшілік/қылмыстық және/немесе өзге де жауапкершілікке тарту. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін бұзу.

39. Серіктестіктің бизнес-процестеріндегі, мәмілелеріндегі, шарттарындағы, келісімдеріндегі және келісімшарттарындағы барлық сәйкестендірілген, анықталған және бағаланған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімінде оларды саралауды және тәуекелдер картасын құру үшін тәуекелдерді бағалау қорытындылары бойынша оларға балл беруді ескере отырып көрсетіледі.

40. Тәуекелдер картасы тұтастай алғанда бөлімшенің немесе Серіктестіктің анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауының графикалық бейнесін білдіреді және оны Ереженің 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) жасайды.

Тәуекел картасы әртүрлі түстермен ерекшеленетін бірнеше бөлікке бөлінеді:

қызыл аймақ - бұл талдау объектісі үшін өте маңызды және/немесе апатты тәуекелдер, олардың пайда болу ықтималдығы жоғары немесе талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсер етуі мүмкін салдардың елеулі әлеуетіне байланысты немесе екі факторға байланысты;

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 11-беті

қызғылт сары аймақ - талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне жоғары ықтималдығы немесе үлкен ықтимал әсері бар тәуекелдер;
сары аймақ - талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне орташа ықтималдығы немесе орташа ықтимал әсері бар тәуекелдер;
жасыл аймақ - пайда болу ықтималдығы төмен және (немесе) талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне айтарлықтай әсер етпейтін тәуекелдер.

41. Серіктестіктің тәуекелдер картасы негізінде әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығы (басқа тәуекелдермен салыстырғанда) бағаланады, сондай-ақ негізгі болып табылатын және басымдық тәртібімен шаралар қабылдауды және қажет болған жағдайда адами және қаржылық ресурстарды бөлуді қамтамасыз етуді талап ететін тәуекелдер бөлінеді.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және азайту

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу

42. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) бөлімшелермен бірлесіп талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс - шаралар жоспарын (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары, Ережеге 2-қосымша) әзірлейді.

43. Жоспарға енгізілетін іс-шаралар нақты сипатта болуға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою үшін жеткілікті болуға тиіс. Іс-шараларды орындау мерзімдері ақылға қонымды болуға және талдамалық анықтамаға қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап бір күнтізбелік жылдан аспауға тиіс.

44. Іс-шаралар жоспарын Серіктестіктің Байқау кеңесі бекітеді.

Ұсынымдардың орындалу мониторингі

45. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген және іс - шаралар жоспарына енгізілген ұсынымдардың орындалу мониторингін (бұдан әрі - Мониторинг) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап бір жыл ішінде жүргізеді.

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 12-беті

46. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері жоспар бекітілген күннен бастап тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей, растайтын құжаттарды ұсына отырып, Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпаратты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке (комплаенс-офицерге) жіберуі қажет.

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) іс-шаралар жоспарында көзделген барлық ұсынымдардың орындалу барысы туралы толық ақпарат және растайтын құжаттар келіп түскен кезде ұсынымдардың орындалу мониторингінің нәтижелерін қалыптастырады (Ережеге 4-қосымша).

Ақпаратты қарау қорытындысы бойынша әрбір ұсынымның және жалпы іс-шаралар жоспарының орындалу мәртебесі айқындалады.

Іс-шаралар жоспарында көрсетілген аяқтау нысанына сәйкес іс-шараны орындау арқылы анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылған жағдайда ұсынымдар толық көлемде орындалды деп танылады.

Іс-шаралар жоспарында көрсетілген аяқтау нысанына сәйкес іс-шараны толық көлемде орындамау салдарынан анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылмаған немесе елеусіз дәрежеде азайтылған жағдайда ұсыныс ішінара орындалды деп танылады.

Іс-шаралар жоспарының тармағын орындау жөнінде шаралар қолданбау салдарынан анықталған Сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылмаған немесе барынша азайтылған жағдайда ұсыныс орындалмады деп танылады.

Ұсыным объективті себептер бойынша іс-шараны орындау мүмкін болмаған немесе орынсыз болған жағдайда (заңнамадағы өзгерістер, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру немесе тарату, функцияларды беру және басқаларына байланысты емес Серіктестіктің себептері) өзектілігін жоғалтты деп танылады.

Ұсынымдардың орындалу мониторингінің нәтижелерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) Серіктестіктің Бас директорымен келісім бойынша Байқау кеңесінің қарауына шығарады.

48. Серіктестік ұсынымдарды орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет (комплаенс-офицер) ден қою шараларын қабылдау үшін Серіктестіктің байқау кеңесіне тиісті ақпаратты енгізеді.

Серіктестік объективті себептер бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап бір жыл өткен соң ұсынымдарды орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс - қызмет

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 13-беті

(комплаенс-офицер) мониторингі олар түпкілікті орындалғанға дейін жалғастырады.

Іс-шаралар жоспарының мониторинг нәтижелері туралы ақпарат Серіктестіктің интернет-ресурсында орналастырылады.


Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 14-беті

"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесіне 1-қосымша

Үлгі

АНЫҚТАЛҒАН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАҒАЛАУ

Тәуекел деңгейі = ықтималдық * әсер



Тәуекел картасы:

әрбір анықталған тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалау

адами және қаржылық ресурстарды бөлудің басым тәртібінде шаралар қабылдауды талап ететін негізгі тәуекелдерді анықтау

ЫҚТИМАЛДЫҚ



- талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсер етуі мүмкін салдарлардың елеулі әлеуетіне байланысты немесе екі фактордың себебінен туындау ықтималдығы жоғары болғандықтан сыни және/немесе апатты болып табылатын тәуекелдер;



– талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне жоғары ықтималдығы немесе үлкен ықтимал әсері бар тәуекелдер;



– талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне орташа ықтималдығы немесе орташа ықтимал әсері бар тәуекелдер;



– пайда болу ықтималдығы төмен және (немесе) талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне елеулі әсер етпейтін тәуекелдер.

Жанартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 15-беті

"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесіне 2-қосымша

Үлгі

"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша іс-шаралар Жоспары

(талдау объектісінің атауы)

№ р/с	Сыбайлас жемқорлықты тәуекелдер ішкі талдау бойынша ұсыныстар	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 16-беті

"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесіне 3-қосымша

Үлгі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалу барысы туралы ақпарат

№ р/с	сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Орындалу туралы ақпарат

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 17-беті

"ЖЭК жөніндегі КЕАО" ЖШС-де
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау
және ішкі талдау жүргізу ережесіне
3-қосымша

Үлгі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің ұсынымдарды орындауы мониторингінің нәтижелері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

Талдау жүргізу кезеңі: _____

Талдамалық анықтамаға қол қойылған күні: _____

Барлығы ____ ұсынымдар енгізілді

Олардың ішінде:

толық көлемде орындалды - _____;

ішінара орындалды - _____;

орындалған жоқ - _____;

өзектілігін жоғалтты - _____.

№ р/с	сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шаралар жоспарына сәйкес аяқтау нысаны	Орындалу туралы ақпарат	Ішкі талдау өткізуге уәкілеттің бағасы

Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы	"ЖЭК ЖӨНІНДЕГІ КЕАО" ЖШС-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ішкі талдау жүргізу ережесі	
	1-редакция	19 беттің 18-беті

Келісу парағы

Должность	Ф.И.О.	Дата	Подпись
Бас директор	Налибаева Г.К.		
Заңды сүйемелдеу және өкімшілік-экономикалық қамтамасыз ету Департаментінің Директоры	Бактығалиева Е.В.		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Комплаенс-қызметінің Комплаенс-офицері	Мукушева М.Ш.		

